

Топ жетекшісіне ескертпе!

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру:

1. Күн сайын студенттердің сабаққа қатысуын бақылау (журналда босатқан күндердің есебін жүргізу, әр босатылған күнді ақтайтын құжат болу керек);
2. Пән оқытушыларымен студенттердің үлгерім сапасын жақсартуға бағытталған жұмыс жүргізу (ағымдағы бағаларды талдау, журналға бағаның қойылуын үнемі тексеру; қорытынды бағаларды талдау және ата-аналарына және оларды алмастыратын тұлғаларға хабарлау);
3. Студенттердің тәртібін қалағалау, сабақта және сабақтан тыс уақыттағы тәртіптерін назардан тыс қалдырмау;
4. Топ студенттерінің киім-киісін қадағалау;
5. Колледж жатақханасында тұратын студенттерге үнемі бару, жатақханада тұратын студенттердің санитарлық-гигиеналық нормалары мен тәртібін бақылау.

Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру:

1. Студенттердің жеке істерін, денсаулық жағдайын, отбасылық жағдайын зерделеу;
2. Топ студенттерінің бірлескен жұмысын жоспарлау;
3. Мінлетті сыныптан тыс іс-шараларды өткізу: сынып сағаттары, байланыс сағаты, ақпараттық сағат, ұжымдық шығармашылық іс-шаралар, экскурсиялар;
4. Сыныпта қажетті педагогикалық диагностика жүзеге асыру және осы жұмысқа мектеп психологын тарту;
5. Студенттермен бірге топ ісінің кеңесін қалыптастыру;
6. Студенттерге топ белсендісін таңдауға көмектесу;
7. Ұжымдық шығармашылық істерді ұйымдастыруға көмектесу;
8. Мұражайлар мен театрларға, көрмелерге баруды ұйымдастыру;
9. Колледждің жылдық жоспары мен тәрбие жұмысы жоспарының талаптарына сәйкес тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- 10.10. Студенттердің тәрбиелеу үрдісін жүзеге асыру үшін қоғамдық және жастар ұйымдарын тарту.

Студенттердің қоғамдық-пайдалы жұмысын ұйымдастыру:

1. Колледжде және кабинетте студенттердің кезекшілігін ұйымдастыру;
2. Өндірістік тәжірибеге студенттердің қатысуын ұйымдастыру;
3. Студенттердің тәжірибе талаптарын орындауын бақылау;
4. Колледждің санитарлық-гигиеналық тәртіп талаптарын орындауды, кабинетті тазалауды ұйымдастыру;
5. Студенттердің қоғамдық пайдалы еңбектерін ұйымдастыру (колледж нысандары мен колледж жанындағы участ келерді тазалау);
6. Сенбіліктерге қатысуды ұйымдастыру.

Ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру:

1. Ата-аналар туралы ақпарат жинау және ақпаратты журнал парағына толтыру;
2. Студенттің оқу қызметінің аралық және қорытынды нәтижелері туралы ата-аналарға хабарлау;
3. Топтың ата-аналар комитетін таңдауын өткізу;
4. Қиын өмірлік жағдайларда студенттің тағдырына белсенді араласу;
5. Ата-аналардан өзінің ата-аналық міндетін – үлгерімді бақылау, санитарлық-гигиеналық дағдыларды сақтау, оқу орнына баруды талап ету;
6. Ата-аналармен жеке сұхбаттасу, кеңес берулерді өткізу;
7. Ата-аналар жиналысын өткізу.

Студенттердің әлеуметтік жағдайын зерттеуді ұйымдастыру:

1. Студенттің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын зерттеу;
2. Студенттің үйіне бару (қажет болған жағдайда);
3. Студентке материалдық көмек көрсету үшін қажетті құжаттарды даярлау (қажет болған жағдайда);
4. Студентке өзінің жеке құқықтарын қорғауға көмектесу (қажет болған жағдайда).

Құжаттамамен жұмысты ұйымдастыру:

1. Жеке істерді зерделеу және рәсімдеу;
2. Студенттердің студенттік билеттерін, сынақ кітапшаларын толтыру;
3. Топ журналын рәсімдеу;
4. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жоспар құру;
5. Топ жетекшісінің журналын жүргізу;
6. Семестрге үлгерім бойынша есеп даярлау;
7. Шәкіртақы алатын студенттердің тізімдерін жасау (егер бюджеттік топ болса);
8. Жатақханада тұру, оқу төлемдерін төлеуін қадағалау (чек көшірмесін жинау);
9. Атқарылған жұмыстар туралы есеп беру;
10. Қатысқан іс-шараларға талдау жасау;
11. Тәрбие шараларының хаттамаларын жинау;
12. Бумада ұйымдастырылған тәрбие шараларын рәсімдеу.

Кәсіби шеберлік деңгейін арттыруды ұйымдастыру:

1. Топ жетекшілерінің әдістемелік бірлескен жұмыстарына қатысу;
2. Тәрбие жұмысы бойынша біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
3. Әдістемелік және арнайы әдебиеттерді зерделеу;
4. Өз қызметін ұйымдастыру бойынша әріптестермен тәжірибе алмасу.

Ата-аналармен жұмыс жөнінде топ жетекшісіне ескертпе!

1. ата-аналармен жұмыс барысында топ жетекшісі белгілі бір ережелерді сақтауы керек;
2. әр баланың ата-анасына шынайы құрмет көрсету керек;
3. студенттің ата-анасымен қарым-қатынас оның зиянына ұшырамауы керек;
4. студенттердің отбасыларын зерттеу тактикалық және объективті болуы керек;
5. отбасыларды зерттеу алдағы уақытта ата-аналарға білім беру және түзету жұмыстарын қамтуы тиіс

Топ жетекшісі студенттің отбасы туралы келесі ақпараттарды алуы керек:

- ✓ ата-аналар және оларды алмастыратын тұлғалар туралы жалпы ақпарат;
- ✓ отбасының тұрмыстық жағдайы мен оның материалдық қамтамасыз етілуі;
- ✓ отбасының білім деңгейі, колледжге және топ ұжымындағы баланың өміріне ата-ананың қызығушылығы;
- ✓ ата-ананың педагогикалық мәдениет деңгейі;
- ✓ бала алдында отбасының беделділігі;
- ✓ балаға ата-аналарының тәрбие беру әсерінің маңыздық деңгейі;
- ✓ отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, және салт-жоралар;
- ✓ отбасының тәрбиелік мүмкіндіктері.

Топ жетекшісі ата-ана жиналысының - ата-аналардың теория мен практиканың көмегімен оларға үйрету екенін бірінші кезекте есте сақтауы керек. Ал ата-аналар бір шындықты есте сақтауы керек: «Отбасындағы бала тәрбиесі – бұл оларды ата-анасыз білімге үйрету».

Бірінші ата-аналар жиналысын өткізу бойынша ескертпе

1. Ата-аналарға ата-аналар жиналысы туралы өткізілетін орны, күні және уақыты жазылған құжатпен алдын-ала хабардар студі ұмытпаңыздар. Ата-аналардың қолы қойылған-қойылмағанын тексеріңіз. Егер ата-аналар жиналысқа қатыса алмаса, олар топ жетекшісіне алдын-ала хабарлауы керек. Ата-аналардың жиналысқа келуі - колледжге, мұғалімге деген құрмет белгісі; жаңа оқу жылына топ ұжымы алдында және өзіңе қойылған тапсырмалар туралы, колледждің мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналарға айтыңыздар.
2. Ата-аналар жиналысында ата-аналар қандай мәселені талқылағылары келетінін, қосымша қандай міндеттерді ұсынғысы келетіні жайында кеңесіңіздер.
3. Оқу жылына арналған негізгі, сондай-ақ міндетті түрде дәстүрлі жұмыстармен ата-аналарды таныстырыңыздар. Оқу семестріне арналған нақты істер туралы хабарлаңыздар. Олардың тарапынан көрсетілетін көмек туралы келісіңіздер.
4. Колледж жұмысының тәртібі, сынып сағатына арналған уақытты ата-аналарға хабарлаңыздар.
5. Студенттердің жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру үшін колледжде қандай секциялар жұмыс істейтіні туралы хабарлаңыздар.
6. Ұйымдастыру сұрақтарын міндетті түрде ата-аналар жиналысында шешіңіздер:
 - ✓ студенттердің колледж жарғысын сақтау туралы;
 - ✓ сабақтарға кешікпеу туралы;
 - ✓ екінші аяқ киім туралы;
 - ✓ колледж жұмысының тәртібі туралы;
 - ✓ семестрге оқу жоспары туралы (оқу және өндірістік практиканың басталуы мен аяқталуы);
 - ✓ топ қорына және тамақтануға жұмсалатын қаржы туралы.
7. Үш адамнан тұратын ата-аналар комитетін сайлауды ұмытпаңыздар. Ата-аналар жиналысына келмеген ата-аналармен міндетті түрде жиналыстан соң хабарласаңыздар. Ата-аналар жиналысына келу немесе келмеу жағдайларын назардан тыс қалдырмаңыздар – бұл колледжге және топ жетекшісіне деген ата-аналардың сыйламау белгілері.

«Өзіңді қалай ұстау керек...» ескертпе

Агрессиясы бар баламен өзіңді қалай ұстау керек?

1. тыйым салу немесе дауыс көтеру мәселені олан ары қиындатады;
2. санкция әрекетке сәйкес болу керек;
3. Баланың қатысуымен агрессияның пайда болуына жол бермеңіз, тәрбиелеуде агрессивті әдістерді қолданбаңыз;
4. Жиі сипаңыз (тактильді байланыс);
5. Жеке бастарына бармаңыз, намысына тиетін сөз айтпаңыз;
6. Шыдамдылық танытып, өзіңіздің сезіміңіз туралы айтып, бой бермеңіз;
7. Агрессияға қарсы әрекет ету үшін таңдануды пайдаланыңыз;
8. Студенттің айналасындағы жақындар арасында мінез-құлықтың агрессивті формасын жоюға тырысыңыз;
9. Баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, талап қоя біліңіз;
10. Баланың қызығушылығын дұрыс жолға бағыттай отырып, бұдырдағы жанжалды сөндіріп көріңіз;
11. Балаға оның сүйікті екенін түсіндіріңіз.

Қақтығысқа түсетін баламен өзіңді қалай ұстау керек?

1. Жағдайды объективті бағалауға тырысыңыз және шұғыл шешімдер қабылдамаңыз (үкім шығармаңыз).
2. Баланың алдында проблемалық мінез-құлықты талқыламаңыз.
3. Дауларды шешудің конструктивті жолдарын түсіндіріңіз.
4. Кейде оқушылар арасындағы жанжалға кедергі жасамау керек, керісінше, жанжал шығарғандардың мінез-құлқын сырттай бақылаған жөн.
5. Баланың алдында басқа ересектермен ұрыс-жанжал шығармаңыз.
6. Әрқайсысына тең дәрежеде бірдей назар аудару керек екенін есте сақтаңыз.

Мазасыз баламен өзіңді қалай ұстау керек?

1. Мазасызданудың себебін анықтау.
2. Төте жолдарды пайдаланбаңыз, себебі бала барлық нәрседе нашар болуы мүмкін емес.
3. Балаңызға қатысты өзіңіздің теріс эмоцияларыңызды көрсетпеңіз.
4. Мүмкін еместі талап етпеңіз. Сіздің қабілетіңіз баланың қабілетінен ерекшеленеді.
5. Баланы өткен уақыттағы жіберіп алған өзіңіздің іске асырылмаған мүмкіндіктеріңізді іске асыру құралы ретінде пайдаланбаңыз
6. Қажет болса, баламен маманға хабарласыңыз, бірақ балаңыздың мәселесіне үнемі мән бермеңіз.
7. Сабыр етіңіз және бас тартпаңыз. Қазіргі және келешектегі жақсылық Сізге байланысты!

Ұялшақ баламен өзінді қалай ұстау керек?

1. Жеке беделімен балаңызды баспаңыз.
2. Кез келген іске бола жазғырмаңыз, тәрбиелеудің авторитарлық әдістерін пайдаланбаңыз
3. Жетістіктері аз болса да атап өтіңіз.
4. Беделін арттырып, кемшіліктерін аңғармауға тырысыңыз.
5. Қателіктері болса, ашып айтыңыз. Ештеңе істемеген адам қателеспейді.
6. Баланың пікіріне жүгініңіз, одан кеңес сұраңыз.
7. Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін арттыруға тырысыңыз. Өзін құрметтеуге үйретіңіз.
8. Қошемет сөздер айтып, мақтаңыз. Өзіне деген сенімін қалыптастырыңыз.
9. Кемшіліктерінің орнына мықты жақтарына назар аударыңыз.
10. Баламен және балаға жақын басқа ересектермен бірлескен іс-қимыл жоспарын жасаңыз.
11. Баладан бас тартпаңыз және оның көңілінен шығып қалмаңыз, қатты сынамаңыз, баланы ұялтатын жағдайларды жасамаңыз, әрекетін күлкіге айналдырмаңыз.

Қырсық баламен өзінді қалай ұстау керек?

1. Қайта тәрбиелеуден бұрын баланың сол қолмен жазбайтынына көз жеткізіңіз. Оң жақ жарты шарда балаларда басым болғанда, қыңырлық көбіне дамиды
2. Балалардың оң жақ бөлігі басым болған жағдайда қырсықтық мінез өте жиі дамиды.
3. Өзіңіз қырсық емессіз бе, ойланып көріңіз және баланы өз жанжалдарының құрбаны етпеңіз.
4. Қырсықтыққа қарсы соғыс жарияламаңыз, бірақ баланы не мазалап жүргені туралы ойланыңыз? Стресс көзін іздеңіз. Баланы түсініп, сезімталдықты көрсетіңіз.
5. Баланың қырсықтығын қызықты әрі тартымды нәрсеге ауыстырыңыз. Мүмкін емес дүниені талап етпеңіз және жеке беделін түсірмеңіз. Сіздің тапсырмаңызды аяқтаған болса, мадақтауды ұмытпаңыз.
6. Егер төзімсіздіктің нақты себептері болмаса және «қайшылықтың рухы» себепсіз болса, бұл ауруды көрсетуі мүмкін, дәрігермен кеңесу керек

Күйгелек баламен өзінді қалай ұстау керек?

1. Күйгелектіктің себептерін анықтаңыз және оларды дұрыстауға тырысыңыз.
2. Шексіз «мүмкін емес» және «мүмкін» сөздерімен зиян келтірмей жеке тәрбиелеңіз.
3. Балаңызға психологиялық жайлылық жасаңыз және әрқашан сіз үлгі болатыңызды есте сақтаңыз, әрдайым ақпейіл және мейірімді болыңыз.
4. Жүйке жүйесі нашар оқушылардың оқу қызметінде тез жауап беруді талап етпеу керек.
5. Нәтиже қалағандай болмаса да, ынта-жігері үшін мақтау керек, ал сәтсіздікке ұшыраған жағдайда, өмірдегі сәтсіздік жиі кездеседі және ол үмітсіздіктің негізі емес екендігін түсіндіріңіз.